



БҰЙРЫҚ

27.08.2021

Ақмектеп ауылы

ПРИКАЗ

№

19

село Ақмектеп

2021-2022 жаңа оқу жылының басталуы туралы.

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №17669 болып тіркелген) бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес, және Шығыс Қазақстан облысының білім басқармасының 2021 жылғы 24 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және демалыс кезеңдерін айқындау туралы» №326 бұйрығының және Тарбағатай ауданының білім беру бөлімінің 27.08.2021 жылғы №178 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақмектеп орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және демалыс кезеңдерінің келесі мерзімдері айқындалсын.
 - 1) 2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 1 – сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасы;
 - 3) Оқу жылы барысындағы демалыс кезеңдері:
 - 1-11 сыныптарда: күзгі демалыс 7 күн (2021 жылғы 1 – 7 қараша аралығында), қысқы демалыс – 11 күн (2021 жылдың 30 желтоқсан – 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында), көктемгі демалыс – 12 күн (2022 жылғы 19 – 30 наурыз аралығында);
 - 1 – сыныптарда: 7 күн мерзімде (2022 жылғы 7 -13 ақпанды қоса алғанда) қосымша демалыс беріледі;
2. Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасы Тарбағатай ауданы бойынша білім бөлімінің «Ақмектеп орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

2021-2022 оқу жылында оқу-тәрбие ісін ұйымдастыруда Қазақстан Республикасын Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын басшылыққа ала отырып жұмыс атқарылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау басшылық жасауды директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Шағыраеваға тапсырылсын.

Директор:



Б.Амиргазин